

Балқаш өндірісі майдан тірегі

Соғыс басталар 1941-жылды, Балқаш мыс зауыты технологиялық процесстерді қалыптастырып, жетілдіру, кәсіби-техникалық мамандар мен жұмысшылар ұжымын дайындау барысы енді жолға қойылған, жобаланған - жылына 100 мың тонна қара мыс өндіру болып табылатын өндірістік қуатының 60% деңгейін игеруге қол жеткізген кезінде қарсы алды. Соғыс бүкіл елдің экономикалық-саяси өмірін соғыс талабына бейімдеп, қайта құруды талап етті. Жұмыс күні 12-18 сағатқа дейін ұзартылып, еңбек демалыстары тоқтатылды. Шығарылатын өнім көлемі көтеріліп, үнемдеу және өндіріс тиімділігін арттыру мақсатындағы күрес күшейді, технологиялық өңдеу және жөндеу жұмыстарының мерзімі 30-50 пайызға азайтылды, азық-түлік пен басқа да тауарлармен қамтудың карточкалық жүйесі енгізілді. Фашистік басқыншылардың шабуылы кезінде, Еуропадағы ең ірі болуға тиіс тау-кен металлургиялық кәсіпорынның қалыптасу барысын бұзды. Жоспарлы қуатына еніп үлгермеген комбинат барлық Кеңес елі өндіріс орындарымен қатар соғыс қажеттілігін қамтамасыз етушілердің қатарына тұрып, өз миссиясын абыроймен атқарып шықты.

Изо дня в день увеличивать выплавку меди

Большее двух месяцев назад одолжили и колхозники передовой сельскохозяйственной бригады «Красные горные орны» объединив до всех трудящихся Казахстана и призывая их на Сталинскую поху до одного пальца права, взять а себя обязательства за досрочное выполнение годовой производственной программы, а максимальное увеличение выпуска продукции, ее увеличение — этим самым ускорить победу нашей доблестной Красной Армии.

Этот доблестный начинил единодушно поддержали все коллективы Балхашского металлургического завода. При обучении обращения разрабатываем по всем деталям бытия и обязательства, выделены производственные мероприятия, с новой силой разрабатывая социалистическое соревнование. Сейчас по заводу участвует в соревнованиях 51 процент всех работающих, из них стахановцев и ударников более 44 процентов.

Выделяясь по призыву доблестной горьковского заводчанки имени Л. М. Баженовича и предикторское социалистическое соревнование, мы вместе с тем выполняем некоторые итоги нашей работы на Сталинской поху.

Как же мы справляемся с этими обязательствами?

Хороших результатов добились механизмы перевозок внутризаводского транспорта. За последние два месяца все они научились водить поезда по-аппетитно. Инципатором явился машинист т. Цыганок. Он с помощью и помощью стремительно своей на, оной. Его примеру последовали тт. Дюсембаев, Суевлов, Кукла, Полинчук и другие. Сейчас они готовят свои локомотивы и работе в любых условиях. Паровоз, на котором работают

тт. Рапов, Крутин и Маслов уже ушел. В течение последних двух месяцев тракторники сэкономили около 500 тонн угля; более 13 тонн сберек топлива машинист тов. Етушенко, т. Суевлов — свыше 16 тонн, т. Полинчук — 8,5, Дюсембаев — 6 тонн.

Много лучше работают сейчас обогатители. Воскресные дни в производство разрабатываем мероприятий для возможности повысить количество меди из руды, увеличивать выпуск концентрата. Осена мастера т. Запряновича добивается по сравнению с другими заводскими показателями. Изы по увеличению она перевыполняет. Коллектив фабрики должен кю дню в день увеличивать переработку руды, ежедневно производить ее столько, чтобы к концу года покрыть задолженность по концентрату.

По-стахановски борются за выполнение своих обязательств металлурги смен тов. Певлякович. Хорошо освоив технологический процесс отражательных печей на выделительном топливе, они дают наибольший по переделу проплав шихты на 1 квадратный метр пода печи. Конструкторы, руководимые т. Корюдиным, перевыполнили сентябрьский план по выпуску меди и выделали ее только первым и лучшим сортом.

Но сделано еще далеко не все. Мы можем давать стране фронт меди еще больше. Выделяясь в предикторское социалистическое соревнование, коллектив нашего завода взял на себя новые обязательства и будет бороться за них с большевистской настойчивостью.

А. Саварина,

председатель заводского металлургического комитета



Балқаш өндірісі майдан тірегі

жалғасы

Соғыс қиындықтарына қарамастан комбинат өнімдерінің ассортименттік тізімі де өзгере түсті. Қара мысты отпен рафинадтау, молибден шығару, түсті прокат және басқа да көптеген өнім түрлерін шығару жолға қойылды. Балқаш мыс қорыту зауытының байыту фабрикасында түнгі ауысымнан кейін еңбек тәртібін нығайту, еңбек өнімін екі есеге арттыруға барлық жұмысшыларды шақыру жөнінде митинг өтті. Соғыстың екінші – 23 маусым күні, Қоңырат кенішінің экскаватор машинисі Д. И. Кожин кенді тиеу бойынша ауысым тапсырмасын 204% орындады. Және ол жалғыз емес еді. 24 маусым күні Фашистік Германияның Кенес Одағына шабуылына байланысты Балқаш мыс қорыту зауыты директорының бұйрығында " біз өз Отанымызды сүйеміз. Біліміміз бен күшімізді біріктіріп зауытымыздың өндірістік өнімін арттыру үшін жұмылдырар сын сағат келді. Қызыл Әскер мен Соғыс Теңіз Флотына көрсетілетін қамқорлық аса жоғарғы дәрежеде болу керек. Біздің зауыт бар қуаттылықпен жұмыс істеуі керек. Өрбір жұмысшы, қызметкер, инженер мен техник уақытпен санаспай жұмыс істеуі керек ... ", -деп атап көрсетілді.



Б. Ысмағұлов-соғыс жылдары металлургия цехында жұмыс жасады. Ол қалалық газеттің штаттан тыс тілшісі ретінде белсенді үгіт-насихат жұмысымен де айналысты.



*В.Е.Лошкарев
1941 жылы металлургия
цехында конвертор
бөлімінің басшысы*

болды.



Балқаш өндірісі майдан тірегі

жалғасы

Цех басшыларының міндеттеріне жұмыстың барынша өнімділігін арттыру, зауытта мыс қорыту жоспарын артығымен орындауды қамтамасыз ету енгізілді. 1941 жылдың 23 маусымында Metallургия цехының конверторлық бөлімшесінің бастығы Лошкарев, Балқаш мысын алғашқы алғандар рапортта: «22 күні 20-21 не қарағанда көп алынды», деп жазады. Куроедов, Бундин, Баранов, Вепрев шебер – металлургтерінің ауысымдары тәулік бойы цехтан шықпады. Жұмысшылар жанкештіліктің небір адам айтса сенгісіз үлгісін көрсетті! Мәселен, күніне 16-18 сағатқа дейін жұмыс істеу әдеттегідей жағдай болса, транспортерщик Букреева 24! сағат бойы жұмыс істейді. Бірнеше станокты қатар игеру қозғалысы да кең жайылды. 3 күрделі станокты қатар жүргізген фрезерші Горло жоспарды 620%! орындайды. Жаңашылдық, технологияны жетілдірудегі рационализаторлық та кең қанат жаяды: тек соғыстың алғашқы күндері 14 рационализаторлық жаңалық енгізіліп, жалпы соғыс жылдары барысында енгізілген технологиялық жетілдірілулердің саны 436 жетті.

Соғыс жылдарында балқаштық металлургтер одақтық түсті металлургия өндіріс орындарының алдыңғы қатарында болып, социалистік жарыс жеңімпаздарына берілетін ауыспалы Қызыл туды 22 рет жеңіп алды, бұл еңбек жеңісінің туы 1945 – жылы Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің шешімімен Балқаш мыс заводына мәңгілік сақтауға беріледі.

Стахановский ответ классификаторщина т. Нуренова

Старший классификаторщик обогатительной фабрики т. Нуренова, активно участвуя в предмайском социалистическом соревновании, смет, тщательно добывается высокой производительности труда, максимального использования мощности агрегатов.

Учитывая, что решающим в борьбе за лучшее показатели по переработке руды является правильное питание мельницы рудой, стахановец этому вопросу уделяет особое внимание. Он внимательно следит за работой транспортерщиков т. Бикеровой, помогает ей и требует от нее равномерной подачи руды при обжигании магнезого топлива.

Опытный технолог умеет максимум внимания регулировке воды, обеспечивая, таким образом, правильную влажность пульпы. Кроме того постоянно ухаживает за механизмами, следит за чистотой и порядком на своем рабочем месте. Все это помогает ему в лучшем выполнении производственных заданий.

Отвечая своему любимому волею, стахановец на протяжении дни трудится с еще большей энергией. Наиболее высоких показателей среди своего коллектива т. Нуренова добилась в ночь на 13 марта, выполнив задание на 108,1 процента.

З. Борисова

На первом месте смена т. Тлеугабылова

В шестую смену обогатительной фабрики, работающей на доломитовом сырье 20-го отделения Кривой Гирьки, наиболее высокопроизводительно трудится смена классификатора т. Тлеугабылова. Впервые она выиграла за целый рабочий смену, обеспечивая в центре своего сектора, где работает также классификатор т. Абдулов. Впервые в работе выиграла смена т. Тлеугабылова в соревновании смен т. Сурмановой, работавшая в транспортном цехе на 150 процентов.

В этот же день выиграла смена т. Тлеугабылова в соревновании смен т. Сурмановой, работавшая в транспортном цехе на 150 процентов.

В феврале коллектив этого цеха выиграл смену т. Буланова, работавшая на 15,3 процента в смену. В соревновании смен т. Тлеугабылова, работавшая на 108,1 процента.

З. Борисова



Балқаш өндірісі майдан тірегі

жалғасы

Қабдырақым Құрышев Балқаш қаласындағы еңбек жолын 1934 жылы 17 жасынан бастап, 40 жыл бойы бір жерде жұмыс істеді. Оның ішінде 36 жыл мыс комбинатының байыту фабрикасында еңбек етті. Арнаулы курс бітіріп, флотаторлық мамандықты жете меңгерді, көп жылдар бойы мыс және молибден кендерін өндіретін цехта аға флотатор болды. Оның жұмыс тәсілі мен көрсеткіштері үнемі жоғары нәтижені көрсетіп, ол өз тәжірибесін жастармен бөлісуге тырысты. Республикадағы және Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысты, құрметті дипломдарға ие болды. Көрме алқасының Қаулысымен оның бронзадан жасалған бейнесі Мәскеу мен Алматыдағы халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінен орын алды. Мұны Қ. Құрышевтің ерен еңбегіне көрсетілген ерекше құрмет деп есептеуге болады. Осы жайлы 1972 жылы қаңтар айының 9 күні «Социалистік Қазақстан» газетіне Қалиасқар Әбілдиннің «Бронза бейнелі адам» деген очерк-өлеңі жарияланды. Сондықтан Қ. Құрышев өзі істеген ұжымда құрметке бөленіп, олардың мақтанышына айналды. Ол сонымен бірге, көптеген орден мен марапат куәліктерінің иесі.

Атап айтқанда, Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендері мен бірнеше медальдар, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасы, Қазақ КСР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің І-ші дәрежелі дипломын иеленді.

1974 жылы наурыз айының 27 күні еңбекшілер депутаттарының қалалық Кеңесінің шешімі бойынша Құрышев Қабдырахымға «Балқаш қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.



Қабдырақым Құрышев



Балқаш өндірісі майдан тірегі

жалғасы

1945 жылы Балқаш мыс зауыты партия ұйымының хатшысы Ю.Н.Свядоштың ақпаратында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы БМЗ-ның жұмыс қорытындысы баяндалды. «...Зауыт өндірісінің қарқындап өсуі барлық сапалы көрсеткіштермен қамтамасыз етілді. Соңғы екі жылда мыс алу 5,3 %-ға, молибден алу 7 %-ға өсті, еңбек өнімділігі 43%-ға артты, завод 1944 жылы бірінші тоқсан 4000 тонна көмір және сағатына 5 млн квт. артық электр қуатын үнемдеді. Завод өзіндік құнын төмендетумен мемлекетке 10 млн сом пайда әкелді. Нәтижесінде завод жұмысы қарқынының өскені сонша, оған жоғары «ТМХК үздік зауыты» атағы берілді және екі жоғарғы марапат – мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің әрі ТМХК және КОБОК-тың Қызыл Тулары табыс етілді.

Жарыстармен жоғары өндірісті ұйымдастыру жұмысының көшбасында коммунистер тұрды темір жол көлігінің машинистері Козлов, Лебедев және Порошель Қоңырат руднигінен ауыр салмақты пойыздарды тасымалдауды ұйымдастырды. Жүк тиеуші Ибраев стахановшылар бригадасын ұйымдастырумен және жеке өзінің үлгісімен вогондардың бос тұрып қалуын қысқартуға қол жеткізді. Осы жолдастардың барлығы екі жыл бойы өнімдердің нормасын 130-дан 160% ға дейін асыра орындаған.

Флотация цехы бойынша классификаторшы Алимжанов, Мустахаев және басқалар диірмен өндірісі бойынша норманы жүйелі асыра орындады. Флотатор Белик жоспардан тыс 60 тонна мыс алды. Бұл флотаторлар ондаған біліктіліктері жоғары жұмысшыларды дайындады, олар өндірісте табысты жұмыс атқарып, майданға жоспардан тыс мыс жіберіп отырды.

Механикалық – жөндеу цехындағы ұста Пухкий бір тоқсанның ішінде жылдық норманы орындап, күрделі бөлшектерден бұйымдар дайындады. Электр дәнекерлеуші Михеев норманы жүйелі түрде 250-300%ға орындады.



Балқаш өндірісі майдан тірегі

жалғасы

Металлургия цехында коммунист Гуважин және балқытушы Сартаев ең жоғары балқытуды ұйымдастырды. Олардан үлгі алған металлургия цехының барлық ауысымдары өнімді ақырғы бір жарым жылда 2 тоннадан 2,5 тоннаға көтерді. Инженер техник жұмысшылар, зауыттың цех басшылары мен рационализаторлар технологияны жетілдіру мен өндірісті ұйымдастыру үшін көп еңбек етті. Өндірістің рационализаторлары 1943 жылы 166 ұсыныс берді, оның 64 жылына 2500 мың сомға экономикалық тиімділікті енгізді. 1944 жылдың бірінші жарты жылдығында 103 ұсыныс берілді, оның 70-і 3800 мың сомға экономикалық тиімділік енгізді. Заводтың рационализаторлары Келлер, Бочарников, Спиридонов, Мельников, Пессин және т.б. өз өнер табыстары арқылы зор көлемде майданға металл беруге өз үлестерін қосты. Заводтың механикалық – жөндеу қызметі Азбель, Рабинович, Рычагов, Кобелев жолдастардың бастауымен 1943-1944 жж. Гатфильд болатынан қоспасыз болаттан күрделі бөлшектерді жасауды, түсті құймадан күрделі өнімдерді алуды меңгерді. Балқаш ЖЭО ұжымы Петров жолдастың басшылығымен экономикалық көрсеткіштерді жақсартуда, станцияны іске қосуда үлкен табыстарға жетті. Үлгілі және апатсыз жұмысы үшін Балқаш электр станциясына «Түсті металлургия Халық комиссариатының үздік электр станциясы» атағы және Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы тапсырылды.

